

Қарасай ауданында интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 желтоқсандағы N 12-1361 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қарасай ауданының Әділет басқармасында 2012 жылы 13 қантарда N 2-11-109 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 9-1301 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 05.09.2016 № 9-1301 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы " Заңының 31-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 7-бабының 5-6) тармақшасына сәйкес, интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды әлеуметтік қорғау мақсатында, оларды жұмыспен қамтамасыз ету үшін, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Меншік құқығына қарамастан, Қарасай ауданының үйымдары мен мекемелерінде, интернаттық үйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының үш процент мөлшерінде квота белгіленсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау (әлеуметтік саланың мәселелеріне) жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.
3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

КЕЛІСІЛДІ:

*"Қарасай ауданының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік*

мекемесінің бастығы

A. Дәуренбаев

*Жұмағұлов Махмұдбек
Нұсіпбекұлы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК